

## Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарын айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2013 жылғы 08 ақпандағы № 69 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 ақпанда № 2693 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2013 жылғы 26 сәуірдегі № 89 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2013.04.26 № 89 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес және аудан әкімінің ұсынысына сай, а у д а н д ы қ м ә с л и х а т **Ш Е Ш Т І :**

1. Әлеуметтік көмек тағайындауға және төлемге құқығы бар ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттары айқындалсын:

1) жалғызбасты мүгедектер;

2) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасыларындағы I, II топтардағы мүгедектер;

3) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын отбасыларындағы 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

4) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасыларындағы зейнеткерлер;

5) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасыларындағы "Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар;

6) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасыларындағы "

Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің сол сәтте есебінде тұрған жұмыссыз қайтыс болған жағдайда оларды жерлейтін тұлғалар;

7) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасылардан қысылтаян, төтенше жағдайларға тап болған (өрт) тұлғаларға.

2. Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешімді уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында жариялау "Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (Ш. Торбаева) жүктелсін.

5. Махамбет аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 16 шілдедегі № 31 "Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарын айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4-3-177 санымен тіркелген, аудандық "Жайық Шұғыласы" газетінің 2012 жылғы 6 тамыздағы № 32 санында жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

6. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен  
тыс 10-сессиясының төрағасы Ш. Торбаева  
Аудандық мәслихат хатшысы А. Құрманбаев

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы  
8 ақпандағы № 69 "Ауданның мұқтаж  
азаматтарының жекелеген санаттарын  
айқындау туралы" шешіміне қосымша

### **Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі**

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) алушының заңды өкілі өтініші жасаған кезде оның заңды өкіл екенін растайтын құжатпен бірге оның жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 4) алушының екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларын жүзеге

асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдарда жеке шот бар екендігін растайтын қ ұ ж а т ;

5) алушының отбасы құрамын және тұрғылықты жерін растайтын селолық округ әкімдігінен берілген анықтама немесе мекен-жай анықтамасы;

6) селолық әкімі жанындағы учаскелік комиссиямен ұсынылған отбасының әлеуметтік, материалды-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі;

7) осы шешімнің 1-тармағында айқындалған жеке тұлғалардың санатын анықтайтын құжат.